

ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ: ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ІЗДЕНІСТЕР

Айнур Кенджакулова¹, Жамила Кайнбаева²

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
(Алматы, Қазақстан),

²М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
(Орал, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақала XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасыр басындағы қазақ графикасы мен комикс жанрындағы ұлттық кодтың қалыптасу және трансформация үдерістерін зерттеуге арналған. Тақырыптың өзектілігі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде ұлттық бірегейлікті бейнелеудің визуалды стратегияларын түсіну қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу фольклорлық және дастандық сюжеттердің дербес мәдени мәнге ие визуалды бейнелерге айналу тетіктерін анықтауға және олардың қазіргі қазақ комикс индустриясының дамуына әсерін талдауға бағытталған. Жұмыстың мақсаты – қазақстандық графика өнеріндегі ұлттық идеяны визуализациялаудың негізгі қағидаттарын анықтау және олардың 1960-шы жылдардағы кітап иллюстрациясынан қазіргі комикстерге дейінгі эволюциясын кезеңдеу. Осы мақсатқа сәйкес Евгений Сидоркин, Исатай Исабаев, Медат Кагаровтың көркемдік әдістерін салыстырмалы талдау, Батухан Баймен мен Расылбек Естемесовтің шығармашылық стратегияларын зерделеу, фольклорлық мұраны өзектендірудегі комикстің рөлін анықтау және аталмыш құбылыстардың заманауи мәдени кеңістікте ұлттық бірегейліктің визуалды кодын қалыптастыруға қосқан үлесін бағалау міндеттері шешіледі. Зерттеу *әдіснамалық негіз* ретінде салыстырмалы-тарихи, иконографиялық және семиотикалық тәсілдерді қамтитын кешенді өнертану талдауына сүйенеді. «Қарама-қайшы инверсия» теориясы мен экфрасис тұжырымдамасын қолдану иллюстрацияның дербес нарративке айналу механизмдерін анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада ұлттық кодты визуализациялаудың үш негізгі қағидаты айқындалды: «Мәңгілік» қағидаты (Евгений Сидоркиннің философиялық интерпретациясы); архетип қағидаты (ұжымдық бейсаналыққа үндеу); символдық метафора қағидаты (Медат Кагаровта баяндаудың символдық-рәміздік пішіндермен алмастырылуы). Батухан Байменнің шығармашылығында линогравюра техникасының жаңаша жаңғыртылу жолдары айқындалса, қазіргі қазақстандық комикстерде (Мәдібек Мұсабеков, Жақып

Оразхан, Магира Тлеубердина) фольклорлық сюжеттердің глокализация форматында бейімделу үрдісі байқалады. Алынған *нәтижелер* «қарама-қайшы инверсия» туралы тезисті дәлелдей түседі. Осылайша, отандық графика өнері өзінің қайталанбас стилін қалыптастырып, онда ежелгі өрнектер (үңгір суреттері мен жартастағы бейнелер, сақтардың «аң стилі») табиғи түрде заманауи көркемдік тілмен үндестік тапты.

Түйін сөздер: қазақ графикасы, ұлттық код, визуализация, кітап иллюстрациясы, комикс, фольклор, ұлттық бірегейлік, қарама-қайшы инверсия, экфрасис, глокализация, архетип, символдық метафора, посткеңестік өнер.

Дәйексөз үшін: Айнур Кенджакулова, және Кайнбаева Жамила. Ұлттық сана және тәуелсіздік идеясы: қазақ графикасындағы көркем ізденістер. *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 11, No 2, 2026, 55–73 б., DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1195

Алғыс: Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» жобасын іске асыру аясында орындалды.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Қазақстанның Тәуелсіздік алуы ұлттық бірегейліктің жаңа парадигмасын қалыптастыруды талап етті. Отандық суретшілер графика мен комикстерде ұлттық нақышты, дәстүр мен тарихты бейнелеуге ұмтылды. Қазақ графикасының маңыздылығы мойындалғанымен, көптеген аспектілер зерттелмеген. Әсіресе, көшпенділер дүниетанымы мен мифологиясының заманауи графика тілінде жалпыұлттық символдарға айналу процесі терең зерттеуді қажет етеді. Визуалды бейненің мәтінді ығыстыру феномені («қарама-қайшы инверсия») назардан тыс қалған.

1960-1980 жылдардағы академиялық графика мектебінің визуалды тілі мен бейнелеу қағидаттары кейінгі буын суретшілеріне, соның ішінде комикс авторларына да әсер етті. Мәдібек Мұсабеков пен Жақып Оразхан Сидоркин мен Исабаевтың әдістерін жаңа форматқа бей-

імдеп, ұлттық кодтың визуалды эволюциясын жалғастырды.

Мақалада «қарама-қайшы инверсия» тұжырымдамасы негізделеді: XX ғасырдың екінші жартысындағы фольклорлық иллюстрациялар мәтінді сүйемелдеп қана қоймай, кейінгі ұрпақтар санасында аңыз кейіпкерлерінің тұрақты визуалды бейнесін қалыптастырып, әдеби мәтінді ығыстырды. Зерттеу барысында Батухан Байменнің линогравюралық инновациясы мен Расылбек Естемесовтің экспрессивті графикасы қарастырылды. Естемесовтің эскизсіз әдісі Юнг теориясымен байланыстырылуы мүмкін, алайда бұл гипотеза тікелей дәлелденбеген, сондықтан тек контекст ретінде беріледі.

Ғылыми жұмыстың жаңалығы — қазіргі комикстерді глокализация тұжырымдамасы тұрғысынан талдау. Мақсаты — графикадағы ұлттық идеяны визуализациялаудың қағидаттарын анықтап, олардың 1960-жылдардан қазіргі комикске дейінгі

эволюциясын кезеңдеу. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер шешіледі:

— Евгений Сидоркин, Исатай Исабаев, Медат Қағаровтың көркемдік әдістерін талдау;

— Батухан Баймен мен Расылбек Естемесовтің стратегияларын сипаттау;

— комикстердің фольклорлық мұраны жаңғыртудағы рөлін анықтау;

— «қарама-қайшы инверсия» мен эк-фрасистың қолданылуын негіздеу.

Мақала қазақ графикасының ұлттық кодты тасымалдаушы ретіндегі жарты ғасырлық дамуын қамтиды.

Зерттеу әдістері.

Графика өнерінде ұлттық кодтың қалыптасу үдерісін түсіну үшін суретшілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттау жеткіліксіз. Осыған орай, бұл зерттеуде өнертану, мәдениеттану және семиотика тоғысындағы кешенді әдіснама қолданылды. Бұл тәсіл фольклорлық сюжеттің қуатты визуалды образға айналу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында алдымен мәдени-тарихи контекст сараланды, одан кейін нақты графикалық парақтарға егжей-тегжейлі талдау жүргізілді. Басты әдіс ретінде қазақ графикасының динамикадағы эволюциясын қарастыруға мүмкіндік берген салыстырмалы-тарихи тәсіл таңдалды. Петроглифтер, сақтардың «аң стилі» және ежелгі түркі таңбаларының қазіргі графикада қалай көрініс тауып, архаикалық мән беретіні анықталды.

Мақалада мәтін мен бейне арақатынасын талдау үшін семиотикалық тәсіл қолданылып, иллюстрациялар мен комикстер ерекше грамматикасы бар таңбалық жүйелер ретінде қарастырылды. «Қарама-қайшы инверсия» визуалды бейненің көрермен санасында әдеби мәтіннен басымдық алып, кейіпкердің тұрақты архетипін қалыптастыруын түсіндірді. Осылайша, визуалды бейнелер бастапқы мәтінмен салыстырғанда ұжымдық қабылдауда басымдыққа ие болып, архетиптік

бейнелердің тұрақты визуалды формасын қалыптастырды.

Формальды-стистикалық талдау Б. Байменнің матаға басып шығару техникасы мен Р. Естемесовтің экспрессивті графикасын түсінуге мүмкіндік берді. Комикстерді талдауда нарративті тәсіл қолданылды.

— Зерттеу материалдары: ғылыми еңбектер, каталогтар, мерзімді баспасөз, Е. Сидоркин, И. Исабаев, М. Қағаровтың иллюстрациялары, Б. Баймен мен Р. Естемесовтің графикасы, сондай-ақ «Ермек батыр», «Орда» және «Мерген» комикстері.

Әдістердің кешенді үйлесімі зерттелетін құбылыстың толық бейнесін жасауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелерін толыққанды түсіну үшін оларды қазақстандық өнертанудағы басқа жұмыстармен байланыстыра қарастыру қажет. Талдау барысында графикадағы ұлттық код тақырыбының күрделілігі айқындалып, бұрынғы ғылыми еңбектер мен суретшілер туындыларына жүгіну қажеттілігі туындады. Жетекші өнертанушылардың, әсіресе Райхан Ерғалиеваның Евгений Сидоркиннің графика өнеріне қосқан үлесі туралы зерттеулері біздің талдауымыздың іргетасын қалады. Оның «Қазақтың ұлттық ойындары» сериясы мен эпостық иллюстрациялары, шебердің «романтикалық дүниетанымы» арқылы халықтың тұрмыс-салты мен ұлттық рухын терең аша білгендігін, сонымен қатар қазақ графика өнерінің дамуындағы жаңашыл бағыттардың қалыптасуына жол ашқандығын көрсетеді.

Диляра Шарипова, Айнур Кенджакулова, Алия Туленова сынды өнертанушылар еңбектерін талдау графика өнерінің қазіргі дамуы мен фольклорлық мұраның комикс жанрында жаңғыруын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Бүгінгі комикстер («Ермек батыр», «Орда») кешегі график-суретшілердің

дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оларды заманауи тілде жеткізіп, ұлттық кодтың сақталуы мен дамуына үлес қосуда.

«Қарама-қайшы инверсия» концепциясы мәтін мен иллюстрация арақатынасын түсіндіруге теориялық негіз болды. Зерттеушілер (Қ. Ералин, Ж. Бейсенбеков, М. Мұқанов) Б. Баймен туындыларының символизмі мен ежелгі түркі мәдениетімен байланысын атап өтті. Біз оның матаға басып шығару тәсілін саналы көркемдік шешім ретінде бағалаймыз.

Осы орайда, біз бұл комикстерді жай ғана фольклорлық сюжеттердің жеңілдетілген нұсқасы емес, алдыңғы буын суретшілері қолданған көркемдік тәсілдердің заңды жалғасы ретінде қарастырдық. «Ермек батыр» (№7 сурет) мен «Орда» комикстерінен біз Сидоркиннің монументалдылығын, Исабаевтың кеңістіктік символизмін, Қағаровтың сызықтық нәзіктігін тани аламыз. Яғни, комикс авторлары бұрынғы шеберлердің визуалды грамматикасын (контраст, фреймдеу, символдық детальдар) меңгеріп, оларды жаңа медиада саналы түрде дамытуда.

Зерттеу графиканың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы белсенді күш екенін және бұл үдерістің үзілмегендігін, көшпенділер дүниетанымының заманауи графикада жаңғырып келе жатқанын дәлелдеді.

Нәтижелері

Қазақ графикасының негізі ХХ ғасырдың басында Әбілхан Қастеев (1904-1973), Валентин Антощенко-Оленев (1900—1984), Құлахмет Қожықов (1914-1986) және Константин Баранов (1910-1985) сияқты суретшілердің еңбектерімен қаланды. Дегенмен, графика өнерінің сапалық жаңа кезеңі 1960—1980 жылдарда Евгений Сидоркин және оның замандастарының шығармашылығымен байланысты. Сидоркин көне түркілік петроглифтер, сақ «аң стилі» мен халықтық сәндік өнерді синтездей отырып, иллюстрацияны дербес философиялық нарративке айналды-

рды. «Сидоркиннің кітап графикасындағы еңбектерінің ішінде «Көңілді өтірікшілер» (1958), «Қазақ эпосы» (1959) қазақ халық ертегілеріне, Михаил Евграфович Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» (1974-1978) романына иллюстрациялары ең танымал (Жаксыгарина 23-24).

Сидоркин қазақ эпостарына, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романына және «Қыз Жібек» поэмасына иллюстрациялар жасады. Ол халықтың ұлттық кодын графика тілінде ашудың жарқын үлгілерін көрсетті. «Төлеген мен Жібектің романтикалық махаббат хикаясы ХVII ғасырда өмір сүрген қазақтардың өмірінің шексіз кеңістігінде өрбиді» (Бекова 111).

Сидоркин литография әдісін қолданып, оның көмегімен фактура мен уақыт рухын жеткізді. Оның «Қазақтың ұлттық ойындары» сериясы халық рухының мәңгілік сипатын бейнеледі. Райхан Ергалиева суретшінің өз сөзін келтіре отырып, оның шығармашылық мақсатын ашады: «Қазақтың ұлттық ойындары мені өзінің батылдығымен және қызбалығымен таң қалдырды! Ең алдымен, мен олардың мәңгі жасайтындықтарына баса назар аудартқым келді» (Ергалиева 229).



1 сурет. Евгений Сидоркин. Қыз Жібек поэмасына иллюстрация. 1973-75 жж., түрлі-түсті литография, 37х95. кп3587 инв.2830

Өнертанушы Райхан Ергалиева мен Айнұр Кенджакулова, Сидоркин және оның замандастарының шығармашылығын талдай отырып, «қарама-қайшы инверсия» мен «экфрасис» тұжырымдамасын ұсынды. Бұл теория фольклорлық мәтін мен көркем бейне арақатынасының өзгеруін түсіндіреді: ауызша эпос 1960-1980 жылдардағы графикада толыққанды визуалды

шешімге ие болды. «Жүйелік инверсия иерархиялық жүйедегі қатынастар формасын білдіреді. Мұнда қандай да бір төменгі, бағынышты элемент өзінің бұрынғы төмен иерархиялық позициясында формалды түрде қала отырып, басым мәнге ие болады» (Севостьянов 76).

Зерттеушілер бұл үдерісті экфрасис деп анықтайды. Дәстүрлі экфрасис — визуалды бейненің сөздік сипаттамасы болса, біздің жағдайда кері үдеріс байқалады: визуалды бейне мәтінге айналып, халықтың тарихы мен рухын жеткізеді. Суретшілер түс, сызық және композиция арқылы көшпенділердің дүниетанымын бейнеледі. Олардың туындылары — жай иллюстрация емес, халық жадындағы көне бейнелердің көркемдік тілде жаңғыруы. Бұл визуалды тіл ұлттық мәдени мұраның бөлігі әрі ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін құрал ретінде қызмет етеді.

Графикадағы ұлттық стильді Сидоркинмен қатар бірқатар суретшілер қалыптастырды. 1960-1980 жылдары Қазақстанда суретшілердің тұтас бір тобы жұмыс істеп, олардың барлығы қазақ эпосының рухы мен бейнелерін жеткізу үшін ерекше көркемдік тәсілдерді іздестірді. Аталған суретшілер қатарында 1960-жылдардағы қазақстандық графиканың жарқын өкілі Исатай Исабаев ерекше орын алады. Ол офорт техникасын шебер меңгеріп, еуропалық және орыс мектептерінің дәстүрлерін ұлттық өнер мәселелеріне бейімдеді. Суретші күн сайын қазақ эпосының әр түрлі нұсқаларын оқып, «Қобыланды батыр» («Қобыланды батыр», «Жалын» баспасы, 1981) жырының кез-келген жерін жатқа білді. Туындыларында күнделікті өмір мен жекпе-жектегі сипаттауда кейбір жасырын жерлерді ашуға тырысты» (Туленова 257).

Атақты суретші Медат Кагаров өз туындыларында өзге шығармашылық тәсілді көрсете білді. «1965 жылы Мәскеу жоғары өнер және өнеркәсіп училищесін (бұрынғы Строганов) бітірді. 1970 жылдан бастап КСРО Суретшілер Одағының мүшесі. 80-нен астам кітап белгілерінің ав-

торы» (Сурина 91). Олжас Сүлейменовтің поэтикалық шығармаларына арналған иллюстрацияларда суретші аллегориялар мен символдар тіліне жүгінеді. «Медат Кагаров зергерлік графикалық шеберлікті, көркемдік жиынтықтау тәжірибесін қажет ететін сирек кездесетін экслибрис шебері болды» (Айдымбаева 215). Осылайша, 1960-1980 жылдары қазақ графикасында ұлттық идеяны визуализациялаудың үш негізгі қағидаты қалыптасты:

1. Мәңгілік қағидаты (Евгений Сидоркин) — ұлттық болмыстың әмбебап, тұрақты негіздерін анықтауға мүмкіндік беретін философиялық жиынтықтауды алдыңғы орынға қойып, нақты тарихи, этнографиялық талдаудан бас тарту.

2. Архетип қағидаты (жалпы үрдіс) — ұжымдық бейсаналықтың тұрақты құрылымдарына әсем баламаларды іздеу, қазақ мәдениетінің терең мифопоэтикалық негіздеріне жүгіну.

3. Символдық метафора қағидаты (Медет Кагаров) — баяндауды (нарративті) таңбалық-символдық формалармен алмастыру.

Зерттеушілер атап өткендей, қарастырылып отырған кезеңдегі суретшілердің туындыларында «таза» иллюстрациядан тарихты жеке философиялық тұрғыдан түсінуге көшу үрдісі байқалды. Евгений Сидоркиннің 1971-1979 жылдары сегіз жыл бойы жасаған «Ғасырлар тұңғиығынан» графикалық сериясы өнертанушылар тарапынан жоғары бағаланып, қазақстандық кітап графикасының классикалық үлгісіне айналды. «Бұл — суретшінің қазақ халқының тарихы туралы толғамынан туған станоктық туындылар. Шебер феодалдық алауыздық, қырғи-қабақ заман — қақтығыстар мен соғыс рухы билеген «қатыгез ғасырды» тандайды» (Мукажанова 4).

Сидоркиннің «Ғасырлар тұңғиығынан» топтамасындағы кейіпкерлердің айбарлы тұлғасы мен ауқымды композициялары бүгінгі қоғамдық санадағы батыр бейнесінің негізіне айналды. Бұл жерде қызық бір құбылыс бар: көрермендер эпостық жырдың



2 сурет. Шайқас. «Ғасырлар тұңғығынан»
сериясы.
1972 жыл. Қағаз, автолитография. 93х62

мәтінін емес, дәл Сидоркин салған кейіпкерлердің келбетін көз алдына елестетеді («қарама-қайшы инверсия»). Визуалды бейнелер мәтінге тәуелді болудан қалып, дербес оқиғаға айналды, тіпті мәтіннің өзін артқа ысырып тастады. Бұл — суреттің кейінгі ұрпақ санасында «көзбен көріп, оқитын мәтінге» (кері экфрасис) айналуының айқын көрінісі.

Қазақстандық графика өнерінде ұлттық кодтың қалыптасуы күрделі әрі көп сатылы үдеріске айналды. Евгений Сидоркинның, Исатай Исабаевтың, Медат Қағаровтың және олардың замандастарының ізденістерінсіз Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық идеяны түсінудегі «визуалды бұрылыс» мүмкін болмас еді. «Сөз — бейне — сөз» триадасындағы экфрасис пен инверсия құбылысы графиканың қайталама, иллюстрациялық өнер түрі емес, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың және мәдени өзін-өзі тануды бейнелеудің толыққанды құралы екенін дәлелдеді.

Тәуелсіздік кезеңі графика алдында жаңа міндеттер қойды. Б. Баймен, Р. Естемесов және басқа суретшілер бұл міндеттерді 1960-жылдардағы ұлттық визуалды кодты сақтай отырып шешті. «Көркемөнер мен мифологияға, фольклорға бай халықтың мәдени мұрасы, философиялық ой түйіндеулері, дүниетанымдық түсініктері суретшілер үшін сарқылмас қазынадай болды» (Кенджакулова 296).

Батухан Баймен — ең танымал қазақстандық графика суретшілерінің бірі. Ол линогравюра техникасында ежелгі нақыштар мен қазіргі өрнектерді үйлестіреді. Өнертанушылар Байменді «линогравюраның инноваторы» ретінде бағалайды, өйткені ол көне түркілік бейнелер мен символдарды қазіргі графика тіліне аударып, ұлттық сананың визуалды кодын жаңа деңгейде паш етті. Суретшінің «Түркілер» топтамасының «Ашина» атты линогравюра шығармасының өзіндік тарихи ерекшелігі бар туынды. Өнер шебері композициялық орталықта стилдеу әдісімен Ашина патшаның бейнесін көк бөріге теңеу арқылы берген» (Ералин 131).

Байменнің туындылары терең символизмге толы, сондықтан зерттеушілер оларды Шығыс миниатюраларымен салыстырады. Зерттеуші Мәлік Мұқановтың пікірінше, «суретші Ұмай ананың бейнесін ерекше және күтпеген түрде ұсынады, оны аса қасиетті Құдай ананың канондық бейнесімен байланыстырады» (Мұқанов, 7). Осы арқылы Баймен әртүрлі дәуірлер мен діндердің аналық символдарын тоғыстырып, олардың терең рухани ортақтығын көрсетеді. 2021 жылы Қастеев атындағы мұражайда Байменнің «Nomads» атты жеке көрмесі өтті. «Бүгінде Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Батухан Баймен отыз беске жуық республикалық және халықаралық көрмелерді өткізді» (Хазбулатов 56).

Байменнің «Түркілер», «Ұмай ана» топтамаларындағы бейнелер археологиялық қазбалар мен жазба деректерге сүй-



3 сурет. «Ұлы дала жинағынан». Батухан Баймен. №2 Парақ. 2018. Жібек, линогравюра. 125*173 см



4 сурет. «Жыл құстары». Батухан Баймен. 2018. Жібек, линогравюра. 87*124 см

еніп жасалған, сонымен қатар көрермен үшін бұл суреттер шынайы тарихи оқиға ретінде қабылданады. Суретші тудырған әлем халық жадында өз алдына бөлек, біртұтас тарих ретінде өмір сүреді. Бұл жерде де сурет мәтінді басып озады: бейнелер арқылы тарих қайта «жазылып», суреттің өзі «мәтінге» айналады.

Батухан Баймен ұлттық идеяны ауқымды, дастандық бейнелер арқылы ұсынса, Расылбек Естемесов мүлдем басқа тәсілді қолданады. Оның графикасы — жылдам штрихтар мен үздік сызықтарға құрылған экспрессивті әлем. Зерттеушілердің пікірінше, «суретшінің көптеген шығармалары ертегі сюжеттерінен құрылған, ал шабыт көзін ол өзінің балалық шағынан, түс пен естеліктерінен алады» (Лапшина 189).

Естемесов еуропалық модернизм әсерін ұлттық тақырыптармен ұштастырады. Суретші ешқашан алдын-ала эскиз жаса-

майды. Ол ойында туындаған бейнелерді бірден қағаз бетіне түсіреді, зерттеушілер мұны «ұлттық жадының визуализациясы» деп атайды. «Баланың сүйіспеншілікке толы отбасындағы қауіпсіздігі, оған ерекше көңіл бөлу суретшінің көптеген сюжеттік туындыларының тақырыптарына айналды.

Өнертанушылар Расылбек Естемесовтің графикалық тілінің бірнеше негізгі ерекшеліктерін атап көрсетеді. Біріншіден, суретші қарапайым гельдік қаламмен жылдам жұмыс істеу тәсілін ойлап тауып, жеңілдетілген сызбалы пішіндер арқылы таңғажайып мәнерлілікке жетті. Екіншіден, жылдамдыққа қарамастан, кейіпкерлердің эмоциясын, мимикасын мен қимылдарын дәл жеткізеді. Үшіншіден, компьютерлік инверсияны (түстердің кері қатынасы) қолдану арқылы суреттерін импровизациялық туындыларға айналдырады. Естемесов сонымен қатар гобелен, декоративті мүсін және стрит-арт салаларында да жұмыс істейді.

Естемесовтің жылдам, алдын-ала эскизсіз салынатын графикасын талдау үшін Карл Юнгтың архетип теориясы мен ұжымдық бейсаналық туралы ілімі әдіснамалық негіз бола алады. Алайда, бұл байланысты тікелей орнықтыру үшін суретші бейнелерінің фольклорлық архетиптермен



5 сурет. «Ана болу». Расылбек Естемесов Қағаз, шарлы гель қалам. 21*30. 2015

салыстырмалы талдауы қажет. Зерттеу барысында Естемесовтің «Ана болу» (2015) және «Балалық шақ» (2019) туындыларындағы ана-бала бейнесінің қазақ фольклорындағы Ұмай ана архетипімен типологиялық ұқсастығы анықталды. Екеуінде де аналық қамқорлық, қорғаныш функциясы және өмірдің жалғастық сипаты бейнеленген. Дегенмен, бұл ұқсастық суретшінің саналы теориялық бағдарламасының емес, керісінше, оның мәдени ортада қалыптасқан интуитивті тәжірибесінің нәтижесі болып табылады.

Естемесовтің шапшаң әрі ішкі сезімге сүйенген графикасында көне бейнелер мүлдем жаңа сипатқа ие болады. Суретші алдын ала эскиз жасамай-ақ, ішкі түйсіктен туған бейнелерді бірден қағазға түсіреді. Бұл — ұжымдық бейсаналықтың таза визуалды көрінісі.

Қазіргі қазақ графикасында үш бағыт ерекшеленеді: монументалды-эпостық (Баймен), интуитивті (Естемесов) және заманауи комикстер. Заманауи комикстерде қазақ әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жиі бейнеленеді. Барлық талданған суретшілердің шығармалары ұлттық болмыстың терең қабаттарын ашуға бағытталған.


Егер Естемесов бейнелерді түпсанадан тікелей шығарса, қазіргі комикстерде бұл процесс керісінше — саналы түрде жүреді. Қазіргі комикстерде глокализация үрдісі байқалады: әлемдік комикс форматы қазақ мифологиясымен ұштасады. Өнертанушы Дильяра Шарипованың пікірінше, «фольклоризмді американдық комикстердің бейнелерімен және компьютерлік ойындардың кейіпкерлерімен біріктірудің сәтті мысалдарының бірі — Мәдібек Мұсабековтің “Егмек the Batyr” комиксі. Онда әлемдік бұқаралық мәдениеттің жетістіктері қазақ мифологиясына өріліп, осы симбиоздан жаңа нәтиже алынды» (259).

Комикстің визуалды тілінде Сидоркинге тән қара-ақ контраст пен кейіпкердің айбарлы сұлбасы сақталған. Алайда Мұсабеков бұны батыстық комикстердің қозғалысқа толы стилімен шебер үйлестіреді. Мұсабековтің комиксі — бұл Сидоркиннің «мәңгілік» қағидатының комикс форматындағы нұсқасы. Мұнда батыр жай ғана жауынгер емес, ол рух беріктігінің шынайы көрінісі.

Қазақстандық комикстер ішіндегі ең қызықты жобаларды бірнеше топқа бөлуге болады:

1 кесте. Қазіргі қазақстандық комикстердің тақырыптық-жанрлық сипаты

Атауы	Авторы	Тақырыбы / Ортасы	Ерекшеліктері
«Өзгеше Мақта Қыз» (2025)	Әлібек Қожагелдиев	Халық ертегісінің қазақ кеңістігіндегі еркін көрінісі	Сиқыр мен салт-дәстүрлер ұштасады, әзіл-сықақ элементтері
«Besqonaq» (2023)	Ринат Ахмедияров	XIII ғасыр, Қыпшақ хандығы мен Шыңғысхан шапқыншылығы кезеңі	Есін жоғалтқан батыр мифтік жаратылыстар мен елестерді кездестіреді
«Мерген» (2023)	Магира Тлеубердина	Қазақ фольклоры мен мифтері	Жауынгер жат жаратылыстармен шайқасады
«Орда: жаңа құдайлар» (2019)	Жакып Оразхан	Апаттан кейінгі XXIII ғасыр	Қатыгез билеуші басқаратын «Жаңа Орда» туралы сюжет
«Дала»	Жеңіс Тасболатов	XVIII ғасыр, жоңғар шапқыншылығы	Махаббат – кейіпкердің тағдырын өзгертіп, күш табуға көмектеседі
«Ермек батыр» (2017)	Мәдібек Мұсабеков	Көшпенділер дәуірі, руаралық соғыстар	Amazon платформасына сатылымға түскен тұңғыш қазақстандық комикс
«Алтын жауынгер» (2019)	Мәдібек Мұсабеков	Томирис патшайымның тарихы	Томирис патшайымның еркін даланы біріктіру жолындағы күресі



6 сурет. «Орда: жаңа құдайлар». Жақып Оразхан. Комикс. 2019. 170*240 мм.

Комикстер тақырыптық ауқымының кеңеюімен, халықаралық платформа-ларға шығуымен және Comic Con Astana фестивалінің «авторлар аллеясында» жыл сайын 150-ден астам суретшінің қатысуымен ерекшеленеді.

Батыр бейнесі қазақ графикасында қорғаушы әрі халық рухының символы ретінде көрініс табады. Батухан Байменнің туындыларындағы батыр бейнесі ежелгі аңыздардағыдай символдық мәнге ие. Ол тек жеке тұлға емес, бүкіл халықтың рухы мен күш-қуатының көрінісі. «Оспан-батыр», «Көшпенділер» және «Соңғы Nomad» (2019) серияларында суретші кейіпкерді нақты тарихи тұлға және мифтік кейіпкер ретінде қатар бейнелейді. Байменнің батыры — жай жауынгер емес, ол халық жадының сақтаушысы, рухани тәжірибенің тасымалдаушысы, ата-бабалар мен келешек ұрпақ арасындағы рухани көпір.

Қазіргі комикстерде батыр бейнесі жаңа форматта жаңғыруда. Мәдібек Мұсабеков («Ермек батыр»), Мағира Тлеубердина



7 сурет. «Ермек батыр». Мәдібек Мұсабеков. Комикс. 2016.

(«Мерген», «Қабанбай»), Әлібек Қожагелдиев («Өзгеше Мақта қыз») көне аңыз кейіпкерлеріне жаңа тыныс берді. Бұл комикстердің кейіпкерлері әртүрлі уақыт кезеңдерінде әрекет етеді: Жеңіс Тасболатовтың «Даласында» жоңғар шапқыншылығы, Жақып Оразханның «Ордасында» постапокалипсистік болашақ суреттеледі. Бұл батыр бейнесінің әмбебаптығын көрсетеді — ол кез келген дәуірде бейберекеттікпен күресіп, халқын қорғау үшін қажет.

Оразхан заман ақырынан кейінгі жанрды қолдана отырып, Исатай Исабаевтың кеңістікті бейнелеу әдісін жаңаша түрлендіреді. Тік төртбұрышты суреттер, көкжиектің жоғары орналасуы және ерекше тереңдік әсері кеңістіктің кеңдігін көрсету үшін жасалған. Суретші көк пен күңгірт түстерді қолдана отырып, болашақтың қорқынышты бейнесін қалыптастырады. Дегенмен кейіпкерлердің киім-кешектері мен жауынгерлік белгілерінде ежелгі түркілік таңбалар қазақ даласының өшес рухын сақтап қалған.

Қазақ графикасында кеңістікті безендірудің екі тәсілі қалыптасқан. Б. Баймен көп фигуралы композицияларын шығыс миниатюрасына ұқсатып, символдар мен бейнелерге басымдық береді. Исатай Исабаев Абай өлеңдеріне жасаған иллюстрацияларында тікбұрышты жақтауларды қолданып, оларға символдық мән береді (мысалы, «Күздегі» киіз үй босағасы). Ол даланы биіктен көрсетіп, кеңістік пен еркіндік сезімін жеткізеді. «Қыс» өлеңіне арналған суретінде автор Абайдың алып тұлғасын туындының сол бұрышында ашуға тырысады. «Онда ол қыстың бейнесіне де, ақынның бейнесіне де сілтеме жасайтын үлкен фигураны бейнелейді. Мифтің мәдени қаһарманы сияқты, ақын да бейберекетсіздік пен қараңғылықты жеңу арқылы өз әлемін қалыптастырады» (Шарипова 2).

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ графикасы — стильдік алуандық қана емес, шығармашылық серпіліс. Суретшілер батыстық техникаларды меңгеріп, оларды ұлттық мазмұнды ашуға пайдаланады.

Тұжырымдар

1960-1980 жылдардағы эпостық иллюстрациялар бастапқыда мәтінді сүйемелдеуші қызмет атқарғанымен, кейінгі ұрпақ санасында дербес мәнге ие болып, әдеби мәтінді ығыстырды («қарама-қайшы инверсия»). Қазіргі графика мен комикстерде қолданылып жатқан визуалды қағидаттардың негізі 1960 жылдары қаланған. Ол Евгений Сидоркиннің шығармашылығында көрініс тапқан «Мәңгілік» қағидаты (философиялық жалпылау арқылы ұлттың мәңгілік болмысын іздеу); көптеген шеберлерге ортақ архетип қағидаты (ұжымдық бейсананың терең құрылымдарына жүгіну); Медат Қағаров шығармаларында айқын көрінген символдық метафора қағидаты (суреттің терең мағыналы символға айналуы). Б. Байменнің матаға басып шығару техникасы линогравюраның дәстүрлі шеңберін кеңейтіп, туындыларға архаикалық сипат берді. Бұл көрерменге

көне дәуірді көрумен қатар сезінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақстандық комикстер жаһандық жанрдың жергілікті мәдениетке бейімделуінің үлгісін көрсетеді (глокализация). Батырдың бейберекеттіктен қорғаушы, тұрақтылық символы ретінде көрінуі заманауи оқырманға психологиялық қолдау көрсетіп, дәстүрлі құндылықтарды жас ұрпаққа түсінікті тілде жеткізудің тиімді құралына айналды. Осылайша, жүргізілген зерттеу қазақ графикасын өткен дәуірлердің көркемдік тәжірибесі қазіргі үдерістермен тығыз астасып жатқан тірі, дамушы ағза ретінде танытуға мүмкіндік берді.

Қорытынды

Қазақстандық графика XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасыр басында ұлттың рухани-мәдени кодын сақтаушы әрі таратушы институт ретінде қалыптасты. Қазіргі қазақ графикасы стильдік және тақырыптық алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Байменнің монументалдылығы, Естемесовтің интуитивті графикасы және комикстердегі глокализация — осы плюрализмнің көріністері.

Қазақ графика өнері Батыстың формальды тәсілдері мен ұлттық дүниетанымды синтездейді. Көне түркілік таңбалар заманауи графикалық тілде жаңғырады. Академиялық графика мен комикс тек тарихи жағынан ғана емес, бейнелеу өнерінің тәсілдері мен техникасы тұрғысынан да өзара тығыз байланысты. Екеуі де ұлттық сананы визуалды тілмен жеткізуді көздейтін ортақ рухани бағыттың екі түрлі көрінісі. Ал, комикстерге жасалған мағыналық (семиотикалық) талдау олардың қарапайым сюжеттен әлдеқайда терең екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қазақ графикасы — тек ұлттық өнер тарихының бір бөлімі ғана емес, ол халықтың мәдени жадын сақтап, оны жаһандық мәдени айналымға енгізетін динамикалық әрі өзекті жүйе. Ол ұлттық болмыстың бірегейлігін жоғалт-

пай, әлемдік өнер кеңістігінде өзіндік үнін табуға мүмкіндік беріп, өткен мұра мен болашақ арасындағы алтын көпірге айнал-

ды. Бүгінде қазақ графикасы ұлттық бренд ретінде қалыптасып, мәдени диалогтың маңызды құралына айналып отыр.

Авторлардың үлесі:

А. Кенджакулова – зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін әзірледі. «Қарама-қайшы инверсия» мен экфрасис теорияларын қазақ графикасына бейімдеді. Кеңестік кезең суретшілері (Е. Сидоркин, И. Исабаев, М. Кағаров) шығармашылығындағы ұлттық кодтың қалыптасу қағидаттарын («Мәңгілік», архетип, символдық метафора) анықтады.

Ж. Кайнбаева – Тәуелсіздік кезеңіндегі графиканың даму үдерістерін және заманауи суретшілердің (Б. Баймен, Р. Естемесов) шығармашылық стратегияларын талдады. Эмпирикалық материалды жинақтап, мақаланың визуалды қатарын дайындады.

Вклад авторов:

А. Кенджакулова – разработала теоретико-методологические основы исследования. Адаптировала теории «противоположной инверсии» и экфрасиса к казахской графике. В творчестве художников советского периода (Е. Сидоркина, И. Исабаева, М. Кагарова) определены принципы формирования национального кода («вечность», архетип, символическая метафора).

Ж. Кайнбаева – проанализировала процессы развития графики в период Независимости и творческие стратегии современных художников (Б. Баймен, Р. Естемесов). Обобщила эмпирический материал и подготовила визуальный ряд статьи.

Contribution of authors:

A. Kenjakulova – developed the theoretical and methodological foundations of the research. She adapted the theories of "opposite inversion" and ecphrasis to Kazakh graphics. In the works of artists of the Soviet period (E. Sidorkina, I. Isabayeva, M. Kagarova) defined the principles of the formation of the national code ("eternity", archetype, symbolic metaphor).

Zh. Kainbayeva – analyzed the processes of graphic development during the period of Independence and the creative strategies of contemporary artists (B. Baymen, R. Estemesov). She summarized the empirical material and prepared the visual series of the article.

Дереккөздер тізімі

Жаксыгарина, Марзия. «Книжная графика Евгения Сидоркина: иллюстрации к «Истории одного города» М. Е. Салтыкова-Щедрина». *Вестник РГХПУ им. С. Г. Строганова*, № 1–2, 2012, с. 23–30.

Сурина, Дарья. «Союз нерушимый... О художниках экслибриса советских республик (К 100-летию образования СССР. см. РЭЖ №№ 34, 35, 36)». *Российский экслибрисный журнал*, № 37, 2024, с. 89–92.

Айдымбаева, Акмарал. «Живопись и графика уйгуров Казахстана». *Простор*, № 7, 2024, с. 214–216.

Кенджакулова, Айнур. «Заманауи қазақ графикасындағы дала фольклоры». *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы*, № 2, 2019, с. 295–301.

Ералин, Куандық, Бейсенбеков, Жалғасбек. «Графика шебері Батухан Байменнің шығармашылығы». *Түркология*, № 1, 2016, с. 129–135.

Муканов, Малик, Мелдеш, Гульфия, Нурбекова, Аяулым. «Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері мәдениетіндегі Ұмай құдайының бейнесі». *Rupkatha Journal*, т. 13, № 1, 2021, с. 1–12.

Шкляева, Светлана. «Быстрые рисунки Расильбека Естемесова (к проблематике «Память нации»)». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, № 1, 2023, с. 82–100. DOI: 10.47940/cajas.v8i1.659.

Шарипова, Диляра, Кенджакулова, Айнур, Туленова, Алия. «Актуализация национального фольклора в графике и комиксе Казахстана». *Keruen*, т. 74, № 1, 2022, с. 253–264. DOI: 10.53871/2078-8134.2022.1-20.

Севостьянов, Дмитрий. «Символы и знаки в живописи: иерархия и инверсии». *Обсерватория культуры*, т. 22, № 1, 2025, с. 76–84. DOI: 10.25281/2072-3156-2025-22-1-76-84.

Бекова, Гульнара. «Мир образов и символов книжной графики Казахстана: традиции и современность». *Мәдениеттер жақындастығының халықаралық онжылдығы бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары*, II том, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, Алматы, 2018, 109–112 бб.

Туленова, Алия. «Визуальная материализация казахского эпоса». *Особенности традиций в культуре народов Евразии: эпос, эпосоведение и сказительство*. Сборник статей и материалов, посвященных светлой памяти известного ученого-фольклориста, кандидата филологических наук Гульнар Вилдановны Юлдыбаевой (1976–2020), Ордена знак почета институт истории, языка и литературы, Уфа, 2021, с. 162–173.

Маханбетова, Назерке, және б. «Использование гравюрной техники в изобразительном искусстве». *Современное искусство в дискурсе времени*. Сборник статей Международной научно-практической конференции, Москва, 2025, с. 818–825.

Лапшина, Диана, және Офицера Нина. «Творчество художников Шымкента: вклад в культурное развитие региона». *XXVI Всероссийская студенческая научно-практическая конференция Нижневартковского государственного университета (г. Нижневартовск, 10–11 апреля 2024 г.)*, ч. 3, изд-во НВГУ, Нижневартовск, 2024, с. 187-191.

Ергалиева, Райхан. «Е. Сидоркин. Кокпар. Серия «Казахские народные игры». 1963, бумага, автолитография, 95x72». *100 шедевров искусства Казахстана. Живопись. Скульптура. Графика*, ИД «Жибек жолы», Алматы, 2013, 264 с.

Мукажанова, Кульжазира. «Мой Казахстан». *Nomad-Kazakhstan*, <https://nomadmgz.kz/index.php/sobytiya/328-moj-kazakhstan>. Дата обращения: 15 февраля 2026.

Хазбулатов, Андрей, және Тэйлор, Пол Майл. «Баймен Батухан». *Заманауи Қазақстан суретшілері*, Астана, 2018, 264 б.

Шарипова, Диляра. «Созвучие графики и поэзии». *Казахстанская правда*. 08 августа 2025. <https://kazpravda.kz/n/sozvuchie-grafiki-i-poezii/>. Дата обращения: 20 февраля 2026

Reference

- Zhaksygaryna, Marziya. “Knizhnaya grafika Yevgeniya Sidorkina: illyustratsii k ‘Istorii odnogo goroda’ M. Ye. Saltykova-Shchedrina.” [“Book Graphics of Yevgeny Sidorkin: Illustrations to ‘The History of a Town’ by M. E. Saltykov-Shchedrin.”] *Bulletin of the Stroganov Russian State University of Art and Industry*, no. 1–2, 2012, pp. 23–30. (In Russian)
- Surina, Darya. “Soyuz nerushimyy... O khudozhnikakh ekslibrisa sovetских respublik (K 100-letiyu obrazovaniya SSSR. sm. REZH № 34, 35, 36).” [“The Unbreakable Union... About Artists of Ex Libris of the Soviet Republics (To the 100th Anniversary of the Formation of the USSR. See REXJ ## 34, 35, 36).”] *Russian Ex Libris Journal*, no. 37, 2024, pp. 89–92. (In Russian)
- Aidymbayeva, Akmaral. “Zhivopis i grafika uygurov Kazakhstana” [“Painting and Graphics of the Uyghurs of Kazakhstan.”] *Prostor*, no. 7, 2024, pp. 214–216. (In Russian)
- Kendzhakulova, Ainur. “Zamanaui qazaq grafikasyndagy dala folklori” [“Steppe Folklore in Modern Kazakh Graphics.”] *Bulletin of the Kazakh National Women’s Pedagogical University*, no. 2, 2019, pp. 295–301. (In Kazakh)
- Yeralin, Kuandyk, and Beisenbekov, Zhalgasbek. “Grafika sheberi Batukhan Baimennin shygarmashylygy” [“Creative Work of Graphics Master Batukhan Baimen.”] *Turkology*, no. 1, 2016, pp. 129–135. (In Kazakh)
- Mukanov, Malik, et al. “Qazaqstannyn qazirgi beyneleu oneri madenietindegi Umai quдайnyn beinesi” [“The Image of the Goddess Umai in the Culture of Contemporary Fine Arts of Kazakhstan.”] *Rupkatha Journal*, vol. 13, no. 1, 2021, pp. 1–12. (In Kazakh)
- Shklyaeva, Svetlana. “Bystryye risunki Rasilbeka Yestemessova (k problematike ‘Pamyat natsii’)” [“‘Quick Drawings’ by Rasilbek Yestemessov (To the Problematics of ‘Memory of the Nation’).”] *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 8, no. 1, 2023, pp. 82–100. DOI: 10.47940/cajas.v8i1.659. (In Russian)
- Sharipova, Dilyara, et al. “Aktualizatsiya natsionalnogo folklor v grafike i komikse Kazakhstana” [“Actualization of National Folklore in Graphics and Comics of Kazakhstan.”] *Keruen*, vol. 74, no. 1, 2022, pp. 253–264. DOI: 10.53871/2078-8134.2022.1-20. (In Russian)
- Sevastyanov, Dmitry. “Simvoly i znaki v zhivopisi: iyerarkhiya i inversii” [“Symbols and Signs in Painting: Hierarchy and Inversions.”] *Observatory of Culture*, vol. 22, no. 1, 2025, pp. 76–84. DOI: 10.25281/2072-3156-2025-22-1-76-84. (In Russian)
- Bekova, Gulnara. “Mir obrazov i simbolov knizhnoy grafiki Kazakhstana: traditsii i sovremennost” [“The World of Images and Symbols of Book Graphics of Kazakhstan: Traditions and Modernity.”] Proceedings of the International Scientific-Practical Conference “Main Directions of Implementation of the International Decade for the *Rapprochement of Cultures*”, vol. II, Abai KazNPU, “Ulagat” Publishing House, Almaty, 2018, 109–112 pp. (In Russian)

Tulenova, Aliya. "Vizual'naya materializatsiya kazakhskogo eposa" ["Visual Materialization of the Kazakh Epic."] *Peculiarities of Traditions in the Culture of the Peoples of Eurasia: Epic, Epic Studies and Storytelling*. Collection of Articles and Materials Dedicated to the Blessed Memory of the Famous Folklorist, Candidate of Philological Sciences Gulnar Vildanovna Yuldybayeva (1976–2020)], Order of the Badge of Honour Institute of History, Language and Literature, Ufa, 2021, pp. 162–173. (In Russian)

Makhanbetova, Nazerke, et al. "Ispol'zovanie gravyrnoy tekhniki v izobrazitel'nom iskusstve" ["The Use of Engraving Techniques in Fine Arts."] *Contemporary Art in the Discourse of Time*. Collection of Articles of the International Scientific-Practical Conference, Moscow, 2025, pp. 818–825. (In Russian)

Lapshina, Diana, and Ofitserova, Nina. "Tvorchestvo khudozhnikov Shymkenta: vklad v kul'turnoye razvitiye regiona" ["The Work of Shymkent Artists: Contribution to the Cultural Development of the Region."] «XXVI All-Russian Student Scientific-Practical Conference of Nizhnevartovsk State University (Nizhnevartovsk, April 10–11, 2024)», v, part 3, NSU Publishing House, Nizhnevartovsk, 2024, 187-191 pp. (In Russian)

Yergaliyeva, Raikhan. "Ye. Sidorkin. Kokpar. Seriya 'Kazakhskiye narodnyye igry'. 1963, bumaga, avtolitografiya, 95x72." ["E. Sidorkin. Kokpar. Series 'Kazakh Folk Games'. 1963, paper, autolithography, 95x72."] *100 Masterpieces of Art of Kazakhstan. Painting. Sculpture. Graphics*, Zhibek Zholy Publishing House, Almaty, 2013. (In Russian)

Mukazhanova, Kulzhazira. "Moy Kazakhstan." ["My Kazakhstan."] *Nomad-Kazakhstan*, <https://nomadmzg.kz/index.php/sobytiya/328-moj-kazakhstan>. Accessed 15 February 2026. (In Russian)

Khazbulatov, Andrey, and Taylor, Paul Miles. "Baymen Batukhan." ["Batukhan Baymen."] *Contemporary Artists of Kazakhstan*, Astana, 2018. (In Kazakh)

Sharipova, Dilyara. "Sozvuchie grafiki i poezii" ["Consonance of Graphics and Poetry."] *Kazakhstanskaya Pravda*, 8 August 2025, <https://kazpravda.kz/n/sozvuchie-grafiki-i-poezii/>. Accessed 20 February 2026. (In Russian)

Кенджакулова Айнур

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова (Алматы, Казахстан)

Кайнбаева Жамиля

Западно-Казахстанский Университет имени М.Утемисова (Уральск, Казахстан)

ИДЕЯ НАЦИОНАЛЬНОГО СОЗНАНИЯ И НЕЗАВИСИМОСТИ: ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПОИСКИ В КАЗАХСКОЙ ГРАФИКЕ

Аннотация. Статья посвящена изучению процессов формирования и эволюции национального кода в казахской графике и комиксах второй половины XX – начала XXI века. Актуальность темы обусловлена необходимостью понимания наглядных стратегий изображения национальной идентичности в постсоветский период. Ход научных изысканий был направлен на выявление механизмов превращения фольклорных и эпических сюжетов в визуальные образы, имеющие самостоятельное культурное значение, и анализ их влияния на развитие современной казахской индустрии комиксов. *Цель* работы – выявить основные принципы визуализации национальной идеи в казахстанском искусстве графики и рассмотреть их эволюцию от книжных иллюстраций 1960-х годов до современных комиксов. В соответствии с этой целью решаются задачи анализа художественных приемов Евгения Сидоркина, Исатая Исабаева, Медата Кагарова, изучения творческих стратегий Батухана Баймена и Расылбека Естемесова, определения роли комикса в актуализации фольклорного наследия и оценки их вклада в формирование визуального кода национальной идентичности в современном культурном пространстве. *Методы.* Исследование опирается на комплексный искусствоведческий анализ, включающий сравнительно-исторические, иконографические и семиотические подходы. Применение теории «Парадоксальной инверсии» и концепции экфрасиса позволило выявить механизмы превращения иллюстрации в самостоятельный рассказ. В статье определены три основных принципа визуализации национального кода: принцип «Вечности» (философский анализ Евгения Сидоркина); принцип архетипа (обращение к коллективному бессознательному); принцип символической метафоры (замена повествования символическими формами Медата Кагарова). Установлено, что в творчестве Батухана Баймена были предприняты новые пути возрождения линогравюры. Современные казахстанские комиксы (Мадибек Мусабеков, Жакып Оразхан, Магира Тлеубердина) адаптируют фольклорные сюжеты в формате глокализации. Полученные *результаты* подтверждают тезис о «Парадоксальной инверсии». Искусство казахстанской графики сформировало свой неповторимый стиль, в котором древние узоры (например, наскальные рисунки и наскальные изображения, «звериный стиль» саков) естественным образом сочетались с современным искусством.

Ключевые слова: казахская графика, национальный код, визуализация, книжная иллюстрация, комикс, фольклор, национальная идентичность, контрастная инверсия, экфрасис, глокализация, архетип, символическая метафора, постсоветское искусство.

Для цитирования: Кенджакулова, Айнур, и Жамиля Кайнбаева. "Национальное сознание и идея независимости: художественные поиски в казахской графике". *Central Asian Journal of Art Studies*, T. 11, № 2, 2026, с. 55–73. DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1195

Благодарность: Исследование выполнено в рамках проекта BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствоведения Казахстана: междисциплинарные исследования», реализуемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Kenjakulova Ainur

M.O. Auevov Institute of Literature and Art (Almaty, Kazakhstan)

Kainbayeva Zhamilya

M.Utemisov West Kazakhstan University (Uralsk, Kazakhstan)

THE IDEA OF NATIONAL CONSCIOUSNESS AND INDEPENDENCE: ARTISTIC SEARCHES IN KAZAKH GRAPHICS

Abstract. The article is devoted to the study of the processes of formation and evolution of the national code in Kazakh graphics and comics of the second half of the XX – beginning of the XXI century. The relevance of the topic is due to the need to understand visual strategies for depicting national identity in the post-Soviet period. The course of scientific research was aimed at identifying the mechanisms of transformation of folklore and epic plots into visual images of independent cultural significance, and analyzing their impact on the development of the modern Kazakh comics industry. The *purpose* of the work is to identify the basic principles of visualization of the national idea in Kazakh graphic art and to consider their evolution from book illustrations of the 1960s to modern comics. In accordance with this goal, the tasks of analyzing the artistic techniques of Evgeny Sidorkin, Isatai Isabaev, Medat Kagarov, studying the creative strategies of Batukhan Baymen and Rasylbek Estemesov, determining the role of comics in actualizing folklore heritage and assessing their contribution to the formation of the visual code of national identity in the modern cultural space are solved. *Methods.* The research is based on a comprehensive art historical analysis, including comparative historical, iconographic and semiotic approaches. The application of the theory of «Paradoxical inversion» and the concept of ecphrasis made it possible to identify the mechanisms of turning an illustration into an independent narrative. The article identifies three main principles of visualization of the national code: the principle of “Eternity” (philosophical analysis by Evgeny Sidorkin); the principle of the archetype (appeal to the collective unconscious); the principle of symbolic metaphor (replacing the narrative with symbolic forms of Kagarov’s Meditation). It has been established that new ways of reviving linocut have been undertaken in the work of Batukhan Baymen. Modern Kazakh comics (Madibek Musabekov, Zhakyp Orazkhan, Magira Tleuberdina) adapt folklore plots in the glocalization format. The *results* obtained confirm the thesis of a «Paradoxical inversion». The art of Kazakh graphics has formed its own unique style, in which ancient patterns (for example, rock carvings and rock carvings, the «animal style» of the Sakas) were naturally combined with modern art.

Keywords: kazakh graphics, national code, visualization, book illustration, comics, folklore, national identity, contrast inversion, ecphrasis, glocalization, archetype, symbolic metaphor, post-Soviet art.

Cite: Kendzhakulova, A., & Kainbayeva, Zh. National consciousness and the idea of independence: Artistic explorations in Kazakh graphic art. Central Asian Journal of Art Studies, Vol. 11, No. 2, 2026, pp. 55–73. DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1195

Acknowledgement: This research was carried out within the framework of the project BR27101897 “Digital transformation of the ecosystem of literary studies, folklore studies, and art studies in Kazakhstan: interdisciplinary research” funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that there is no conflict of interest.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Кенджакулова Айнур –
Жетекші ғылыми қызметкері,
Phd, ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов
атындағы Әдебиет және өнер
институты
(Алматы, Қазақстан)

Кенджакулова Айнур –
Ведущий научный сотрудник,
Phd, Институт Литературы и
искусства имени М.О. Ауэзова
КН МНВО РК
(Алматы, Казахстан)

Kenjakulova Ainur – Senior
Researcher, PhD, M.O. Auezov
Institute of Literature and Art,
Committee of Science, Ministry
of Science and Higher Education
of the Republic of Kazakhstan
(Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-8559-6429
E-mail: ainura8883@mail.ru

Кайнбаева Жамила –
Бейнелеу өнері және дизайн
кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к., М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті,
(Орал, Қазақстан)

Кайнбаева Жамила –
Заведующий кафедрой
изобразительного искусства
и дизайна, к.п.н., Западно-
Казахстанский университет
имени Махамбета Утемисова
(Уральск, Казахстан)

Kainbayeva Zhamilya – Head of
the Department of Fine Arts and
Design, candidate of pedagogical
science, Makhambet Utemisov
West Kazakhstan University
(Uralsk, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-6773-1623
E-mail: zhannatarlan29@gmail.com